

Көшелерге атау беру туралы

Түркістан облысы Бәйдібек ауданы әкімдігінің Жамбыл ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 24 ақпандағы № 5 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 25 ақпанда № 5441 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Түркістан облыстық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы қорытындысы негізінде, Бәйдібек ауданы әкімдігінің Жамбыл ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жамбыл ауылдық округінің елді мекендеріндегі атауы жоқ көшелерге келесі атаулар берілсін:

- 1) Тасқұдық елді мекеніндегі атауы жоқ № 1 көшеге – "Жібек жолы" атауы;
- 2) Жамбыл елді мекеніндегі атауы жоқ № 1 көшеге - "Саябақ" атауы;
- 3) Жүзімдік елді мекеніндегі атауы жоқ № 1 көшеге - "Нұрлы" атауы;
- 4) Жүзімдік елді мекеніндегі атауы жоқ № 2 көшеге - "Канал" атауы.

2. "Жамбыл ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Бәйдібек ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жамбыл ауылдық округінің
әкімінің міндетін атқарушы*

Б.Секербеков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК